

2011 жылға біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2011 жылғы 29 наурыздағы N 342 шешімі. Қарағанды облысы Осакаров ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 29 сәуірде N 8-15-142 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2011 жылға базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға арналған біржолғы талонның құны қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудандық мәслихаттың ауданның бюджеттік саясаты мен әлеуметтік – экономикалық дамуы бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін (И.М. Шакирбеков).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

И. Шакирбеков

Хатшы

К. Саккулаков

2011 жылғы 29 наурыздағы
Осакаров аудандық мәслихатының
44 сессиясының N 342 шешіміне
қосымша

2011 жылға базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарларды өткізумен, жұмыстарды орындаумен, қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға арналған біржолғы талондардың құны

Базардың атауы	Мамандандыру	Сауда орнының түрі	1 шаршы метр алаң үшін айлық есептік
----------------	--------------	--------------------	--------------------------------------

1	2	3	Сауда орнының көлемі, шаршы метр	көрсеткіштен % алым ставкасы
Осакаров ауданының базарлары	Азық-түліктік	Ет сату	6,3	3,8
		Азық-түлік	8,19	1,15
	Өнеркәсіптік	Сөреден	13,64	2,3
		Қолдан	1,5	2,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК